

## Қостанай облысы Арқалық қаласының коммуналдық мүлкін иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттарды айқындау туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қыркүйектегі № 337 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 қазанда № 5949 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 17 сәуірдегі № 124 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 17.04.2025 № 124 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 14.05.2020 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 14.05.2020 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулымен.

1. Қостанай облысы Арқалық қаласының коммуналдық мүлкін иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 14.05.2020 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулымен.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ғ. Бекмұхамедов

Қала әкімдігінің  
2015 жылғы 21 қыркүйектегі  
№ 337 қаулысына қосымша

## Коммуналдық мүлкті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 16.08.2016 № 299 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулымен.

| №<br>р/с | Өлшемшарттардың атауы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Иеліктен<br>айыру түрлері        |
|----------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------|
| 1        | <p>Жекешелендіру объектісін әрі қарай бақылауға мемлекеттің мүддесінің болмауы;</p> <p>заңнамамен белгіленген мерзімдерде жекешелендіру объектісін сатудан бюджетке ақшалай қаражатты алу қажеттілігі;</p> <p>ең жоғары ықтимал баға бойынша жекешелендіру объектісін сату және саудаға қатысушылардың кең тобын тарту қажеттілігі;</p> <p>мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды оларды әрі қарай бақылауға мемлекеттің мүддесі болмаған кезде сату.</p>                                                                                     | Сауданы аукцион нысанында өткізу |
| 2        | <p>Заңнамамен белгіленген мерзімдерде жекешелендіру объектісін сатудан бюджетке ақшалай қаражатты алу қажеттілігі;</p> <p>сату шарттарын белгілеу жолымен белгілі бір уақыт ішінде жекешелендіру объектісін мемлекеттің бақылауында сақтау қажеттілігі;</p> <p>ең жоғары ықтимал баға бойынша жекешелендіру объектісін сату қажеттілігі;</p> <p>сату шарттарын белгілеу жолымен белгілі бір уақыт ішінде жекешелендіру объектісін мемлекеттің бақылауында сақтау қажеттілігі болған жағдайда мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сату.</p> | Сауданы тендер нысанында өткізу  |
| 3        | <p>Сенімгерлік басқарудың, сенімгер басқарушымен, жалға алушымен (жалдаушымен) кейін сатып алу құқығымен мүліктік жалға (жалдауға) беру шартының талаптарын орындау үшін мемлекеттің бақылауын белгілі бір уақыт ішінде сақтау қажеттілігі.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Тікелей атаулы сату              |

